Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғаларды[7], акцияларды (қатысу үлестері) сыныптау әдістемесіне сәйкес Қор тобының құрылымы[8]

Р/с №	Атауы	Компаниялардың түрі (еншілес ұйым /қауымдасқан компания, бірлескен кәсіпорын)	Иелену үлесі	Ұйымдық-құқықтық нысан	Деңгей	БСН[9]	Резиденттік	Заңды мекен-жай
1.								
2.								
…								
Ұйымдардың жалпы саны, оның ішінде:								
	Акционерлік қоғам (АҚ)							
	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС)							
	Бейрезиденттер							

[7] Қор біршама ықпал ететін, Қормен үлестес болып табылатын, оның еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар тізбесі
[8] Қор Басқармасы бекіткен
[9] Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

10-нысан

Қордың Директорлар кеңесі бекіткен Қордың даму жоспары және оның орындалуы жөніндегі есеп

№	Атауы	Өлшем бірлігі	20XX-2	20XX-1		20XX					20XX+1	20XX+2	20XX+3	20XX+4
			Факт	Жоспар	Бағалау	Бір жылға жоспар	Бағалауға % - бен	1 тоқсанға жоспар	2 тоқсанға жоспар	3 тоқсанға жоспар	Болжам	Болжам	Болжам	Болжам
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
01	Макроэкономикалық көрсеткіштер													
	Тұтыну бағаларының индексі	%												
	Мұнайдың әлемдік бағасы (Брент)	бір баррель үшін АҚШ доллары												
	АҚШ долларына теңгенің айырбас бағамы	бір жылға орташа есеппен 1 долларға теңге												
	ЖІӨ нақты өсуі, өткен жылға %-бен	%												
02	Қор тобы бойынша қызметтің түйінді көрсеткіштері (ҚТК)													
01														
02														
03														
99														
03	Шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштер													
	Қаржы тұрақтылығының көрсеткіштері													
	Жалпы кірістер	млрд. теңге												
	Негізгі қызметтен түсетін кірістер	млрд. теңге												
	Өткізуден түсетін кірістер, проценттік кірістер және өзге де қаржылық кірістер (қаржылық сегменттің ЕҰ үшін олардың негізгі қызметі бойынша), өзге де кірістер	млрд. теңге												
	Мемлекеттік субсидиялар	млрд. теңге												
	Негізгі емес қызметтен түсетін кірістер	млрд. теңге												
	Қаржылық кіріс	млрд. теңге												
	Өзгелер	млрд. теңге												
	Ағымдағы қызметке жалпы шығыстар	млрд. теңге												
	Өткізілген өнімнің/көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны	млрд. теңге												
	Жалпы және әкімшілік шығыстар	млрд. теңге												
	Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	млрд. теңге												
	Қаржылық шығыстар	млрд. теңге												
	Өзгелер	млрд. теңге												
	Жалпы кіріс	млрд. теңге												
	Операциялық пайда «+»/ шығын «-»	млрд. теңге												
	Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың кірістеріндегі/шығындарындағы үлес	млрд. теңге												
	Қызметті тоқтатудан түсетін кіріс/(шығын)	млрд. теңге												
	Табыс салығы бойынша шығыстар	млрд. теңге												
	Азшылық үлесін шегергенге дейінгі таза кіріс /(шығын)	млрд. теңге												
	Азшылық үлесі	млрд. теңге												
	Таза кіріс /(шығын)	млрд. теңге												
	Акционерге (Үкіметке) дивидендтер	млрд. теңге												
	Дамытуға жалпы шығыстар (инвестициялар)	млрд. теңге												
	Инвестициялық жобалар	млрд. теңге												
	ЕҰ жарғылық капиталына Қордың инвестициялары	млрд. теңге												
	Қатысу үлестерін сатып алу (ЕДБ-сыз)	млрд. теңге												
	ЕҰ өндірістік қызметінің процесіне тікелей қатысатын өндірістік активтер мен өзге де негізгі активтерді жұмыс жағдайында ұстау	млрд. теңге												
	Өзгелер	млрд. теңге												
	Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көздері	млрд. теңге												
	меншікті қаражат	млрд. теңге												
	Жарғылық капиталға жарналар	млрд. теңге												
	Қарыз қаражаты және борыштық міндеттемелер	млрд. теңге												
	республикалық бюджеттен	млрд. теңге												
	Ұлттық қордан	млрд. теңге												
	сыртқы қарыздар	млрд. теңге												
	өзгелер	млрд. теңге												
	Өзгелер	млрд. теңге												

11-нысан

Қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қалдықтың себептері туралы ақпарат

мың теңге

РББӘ[10]	ББ[11]	Компания атауы	Қордың қолма-қол ақшасының бақылау шотындағы (бұдан әрі – ҚБШ) жыл басындағы пайдаланылмаған қалдық	Есепті қаржы жылындағы РБ туралы Заңда көзделген бюджет қаражатының сомасы	Қордың ҚБШ-дағы қаражатының БАРЛЫҒЫ (4-баған + 7-баған)	Есепті қаржы жылы ішінде Қордың ҚБШ-на аударылды
1	2	3	4	5	6	7

Кестенің жалғасы

Есепті қаржы жылы ішінде Қордың ҚБШ-сынан шығыстар		Қордың ҚБШ-дағы жыл аяғында пайдаланылмаған қалдығы		Есепті жылы қаражатты пайдалан-бау себептері
Барлығы	оның ішінде есепті қаржы жылындағы түсімдер есебінен	Барлығы	оның ішінде: есепті қаржы жылғы қаражат қалдығы	
8	9	10	11	12

[10] Республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісі
[11] Бюджеттік бағдарлама

(Соңы 17-бетте)

(Соңы. Басы 13-16-беттерде)

12-нысан

«Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысында (бұдан әрі – № 1141 ҚРҮҚ) көзделген Қор объектілерін бәсекелестік ортаға беру туралы есеп

Активтің атауы	№ 1141 ҚРҮҚ-ға №3/№4 қосымшада берілген	Меншікті үлес, барлығы, %	Сатылатын (берілетін) үлес, %	Бәсекелес ортаға беру, күні			Құны[12], мың теңге					Өзгелер
				Сату күні (сатып алу-сату шартына қол қою)	Қордың құрамынан шығу нысаны (сатылды, таратылды, қайта ұйымдастырылды)	Сату тәсілі	Баланстық[13] (меншікті капитал)	Бағалау (бастапқы)	Сату	Айырмасы		
										баланстық	бағалау	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Жиыны												
№ 1141 ҚРҮҚ бойынша барлығы												
№1141 ҚРҮҚ 3-қосымшасы бойынша												
№1141 ҚРҮҚ 4-қосымшасы бойынша												
Қалдық												

1Таратылған және қайта ұйымдастырылған активтер бойынша толтыру талап етілмейді
2Активті сату жылының алдындағы есепті жылдың қаржылық көрсеткіштері көрсетіледі

13-нысан

Қордың корпоративтік орталығы бойынша Акционердің пайдасына есептелген өзге де бөлулер туралы Қордың ақпараты

№	Жобаның атауы	Тапсырма күні, №	Сомасы, теңге	Ескертпе

14-нысан

Қор акцияларының мемлекеттік пакетіне есептелген дивидендтер туралы есеп

Мемлекеттік акциялар пакетін (бұдан әрі – МАП) иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган	МАП, %-бен	Есепті қаржы жылының алдындағы жылдың қорытындылары бойынша таза кіріс (мың теңге)	Есепті қаржы жылы МАП-ке дивидендтер аударылған (мың теңге)	Ескертпе
1	2	3	4	5

20 жылғы « » жағдай бойынша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 26 шілде №534
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

15- тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакция да жазылсын:

«3) коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді, орталық мемлекеттік органдардың және ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;»;

16- тармақта:

42) тармақша алып тасталсын;

96) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«96) аумақтық әділет органдарының қызметін қамтамасыз ету және оларға коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу мәселелері бойынша әдістемелік басшылық ету;»;

101) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«101) коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу;»;

мынадай мазмұндағы 101-1), 101-2) және 101-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«101-1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

101-2) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғаны анықталған жағдайда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс жіберу;

101-3) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы іске асыратын коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу бойынша көрсетілетін қызметтердің бағаларын келісу;»;

103) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«103) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды орталықтан жүзеге асыру және тіркеуші органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелер өтініш жасаған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, оларға ақпарат беру;»;

мынадай мазмұндағы 140-10) тармақшамен толықтырылсын:

«140-10) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу туралы келісімдер жобаларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан құқықтық сараптама жүргізу;».

2. Осы қаулы 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 29 шілде №545
Нұр-Сұлтан, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2016 ж., № 40, 253-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.МАМИН

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №545 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) – нормативтік құқықтық актілердің деректемелерін және осы актілер туралы басқа да ақпараттық-анықтамалық сипаттағы мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алудың бірыңғай жүйесі;

2) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі (бұдан әрі – Эталондық бақылау банкі) – олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген қағаз жеткізгіштегі нормативтік құқықтық актілер жиынтығы және электрондық құжат нысанындағы нормативтік құқықтық актілердің электрондық жүйесі;

3) мемлекеттік органдардың интранет-порталы (бұдан әрі – МОИП) – мемлекеттік органдардың ведомстволық және ведомствоаралық бизнес-процестерін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

4) эталондық бақыланатын нормативтік құқықтық акт – қағаз жеткізгіштегі және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті ұйымның (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасын қойылған электрондық құжат нысанындағы (өзгерістермен және толықтырулармен) нормативтік құқықтық акт;

5) электрондық құжат айналымы жүйесі – қатысушылары арасындағы қатынастар «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі;

6) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дәйектілігін, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

3. Мемлекеттік тізілім және Эталондық бақылау банкі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін бірыңғай мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

4. Мемлекеттік тізілімді және Эталондық бақылау банкін жүргізуді уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

5. Эталондық бақылау банкіне енгізілген нормативтік құқықтық актілер хронологиялық тәртіппен есепке алуға жатады.

6. Эталондық бақыланатын нормативтік құқықтық актілер үшін сақтау мерзімі – «тұрақты».

7. Заңның 22-бабының 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларына сәйкес «Қызмет бабында пайдалану үшін», «Баспасөзде жарияланбайды», «Баспасөзге арналмаған» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілер электрондық түрде Эталондық бақылау банкіне деректемелер түрінде орналасады.

«Ерекше маңызды», «өте құпия», «құпия» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілер Мемлекеттік тізілімге және Эталондық бақылау банкіне енгізілуге жатпайды.

2-тарау. Мемлекеттік тізілімді және Эталондық бақылау банкін жүргізу тәртібі

8. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының, Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның палаталарының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік органның мөрімен расталған және Заңның 35-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған көшірмелерін қол қойылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде бір данада қағаз және электрондық түрде уәкілетті ұйымға жібереді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілері уәкілетті ұйымға Заңның 35-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында ғана жіберіледі.

9. Әділет органдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде және (немесе) оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарын, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларын, мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдерін, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулыларын, тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулыларын және әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдерін олар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізілген сәттен бастап автоматты түрде бір күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде МОИП арқылы уәкілетті ұйымға жібереді.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары МОИП-қа толық қосылғанға дейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен, мемлекеттік органның мөрімен расталған және Заңның 35-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің нормативтік құқықтық шешімдерінің көшірмелерін аталған әкімдердің аппараттары мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде бір данада қағаз және электрондық түрде уәкілетті ұйымға жібереді.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде және (немесе) оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен «Қызмет бабында пайдалану үшін», «Баспасөзде жарияланбайды», «Баспасөзге арналмаған» деген белгілері бар нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Заңның 35-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылып, электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті ұйымға деректемелер түрінде жібереді.

10. Қағидалардың 9-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде және (немесе) оның аумақтық органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік органдар Заңның 35-бабында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде уәкілетті ұйымға жібереді.

11. Осы Қағидалардың 8-тармағында, 9-тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде, сондай-ақ 10-тармағында көзделген электрондық түрдегі нормативтік құқықтық актілерді уәкілетті ұйымға жіберу электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жүргізіледі.

Бірлескен нормативтік құқықтық актілерге электрондық цифрлық қолтаңбаның қойылуын нормативтік құқықтық актіні әзірлеуге жауапты болып белгіленген уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

12. Эталондық бақылау банкіне келіп түскен нормативтік құқықтық актіні тіркеу ол қағаз және электрондық түрде болған кезде жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 9-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде, 10-тармағында көрсетілген, келіп түскен нормативтік құқықтық актіні тіркеу ол қағаз түрінде болмай-ақ жүзеге асырылады.

13. Электрондық түрде келіп түскен нормативтік құқықтық актілер ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен расталған электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалылығын тексеру рәсімінен өтеді. Нормативтік құқықтық актілердің деректемелері мен мәтіні бір нормативтік құқықтық актіге тиесілігі тұрғысынан тексеріледі.

Тексерудің нәтижесі теріс болған жағдайда, нормативтік құқықтық актілер электрондық түрде алынбаған деп есептеледі, бұл туралы жөнелтушіге құжаттың алынбау себептері көрсетіле отырып, Эталондық бақылау банкі ақпараттық жүйесінен электрондық құжат айналымы жүйесіне хабарлама жіберіледі.

Мемлекеттік органдар құжаттың алынбауы туралы хабарлама алынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға нормативтік құқықтық актілерді электрондық түрде қайта жібереді.

14. Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиіс нормативтік құқықтық актілер уәкілетті ұйымға келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күні ішінде енгізіледі және оларға тіркеу нөмірі беріледі.

15. Келіп түскен нормативтік құқықтық актілерді Эталондық бақылау банкіне енгізу олар уәкілетті ұйымға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

16. Эталондық бақылау банкіне енгізілген нормативтік құқықтық актілер оларға ағымдағы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, нормативтік құқықтық актілердің жекелеген бөліктерінің күші жойылды деп тану не олардың қолданылуын тоқтата тұру арқылы бақыланатын жағдайда ұсталады.

Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, нормативтік құқықтық актілердің жекелеген бөліктерінің күші жойылды деп танылған не олардың қолданылуы тоқтатыла тұрған кезде олардың мәтініне енгізілетін нормалардың тұжырымын, сондай-ақ актінің нысаны, қабылданған күні мен нөмірі туралы ақпарат нақты көрсетілетін белгілер енгізіледі.

17. Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылған не оның қолданылуы белгілі бір мерзімге тоқтатыла тұрған кезде Мемлекеттік тізілімге тиісті жазбалар және Эталондық бақылау банкіне енгізілген нормативтік құқықтық актінің қағаз және (немесе) электрондық мәтініне тиісті нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасай отырып, оның күші жойылды деп тану не қолданылуын тоқтата тұру туралы белгі жасалады.

18. Эталондық бақылау банкін қалыптастыру кезінде нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері салыстырылып тексерілмейді.

19. Эталондық бақылау банкін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты, сондай-ақ оған мәліметтер енгізуді Қазақстан Республикасының Әділет министрі айқындайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 29 шілде №280 Нұр-Сұлтан

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 39) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын;

6) осы бұйрықтың облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі С.ОМАРОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №280 бұйрығымен бекітілген

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағы 39) тармақшасына сәйкес әзірленген және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың тәртібін айқындайды.

2. Үлгілік қағидалардың негізінде және Заңның 7-бабының 2-тармағы 17-10) тармақшасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын (бұдан әрі - Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары) әзірлейді және бекітеді.

3. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қоры – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған азық-түлік тауарларының жедел қоры;

2) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту –азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды өткізу немесе жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылдың жаңа егінінен дәл сондай көлемдегі азық-түлік тауарларын кейін жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін оларды қайтару;

3) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын пайдалану – тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту мақсатында азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу;

4) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру – сатып алу интервенциялары, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына азық-түлік тауарларын орналастыру және сақтау;

5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары – тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін, олардың есебінен адамның физиологиялық қажеттіліктері қанағаттандырылатын азық-түлік тауарлары;

6) мамандандырылған ұйымдар - тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын ұйымдар;

7) сатып алу интервенциялары – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында бағалар төмендеген кезде мамандырылған ұйымдардың азық-түлік тауарларын сатып алуы жөніндегі іс-шаралар;

8) тауар интервенциялары – бағалар өскен кезде ішкі нарықты тұрақтандыру мақсатында жүзеге асырылатын, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларынан ішкі нарықта азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі іс-шаралар.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес іске асырылады.

5. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

6. Облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімінің орынбасары Комиссияның төрағасы болып табылады, кәсіпкерлік, сауда және ауыл шаруашылығы басқармаларының (бөлімдерінің) қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Комиссия мүшелері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

7. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды.

8. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;

3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес қарыз беруге кәсіпкерлік субъектісін анықтау;

4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымдардың ұсыныстарын қарау.

9. Комиссияның жұмысын құруды және ұйымдастыруды тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктегі облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы қамтамасыз етеді.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

11. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары ай сайын айдың 20-на дейін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы және ұлттық экономика министрліктеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынады.

2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі

13. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

1) тұрақтандыру қорларының қызметі;

2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

14. Осы Үлгілік қағидаларда регламенттелмеген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың ерекшеліктері (егжей-тегжейі) Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағиадаларымен айқындалады.

1-параграф. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі

15. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

16. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өңірлік балансының (өндіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс аландары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қалыптасқан бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындайды.

17. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік

(Соңы 18-бетте)

(Соңы. Басы 17-бетте)

тауарларының тізбесі «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысымен бекітілген тізімнен қалыптастырылады.

18. Мамандандырылған ұйым жүзеге асыратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес жергілікті атқарушы органдар бекіткен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерінен 10% немесе одан төмен бағаларды ұстауды есепке ала отырып қалыптастырылады.

19. Комиссия облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) әкіміне сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсынымдар енгізеді.

20. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Комиссияның ұсынымдары негізінде сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

21. Өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру кезінде азық-түлік тауарларын тікелей тауар өндірушілерден және (немесе) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылады.

22. Өңірлік тұрақтандыру қорларына сатып алынатын азық-түлік тауарлары «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

23. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өңірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына және агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына тұрақты негізде талдау (өндіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың, бағалардың болуы) жүргізеді, өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін айқындайды және сатып алу интернвенциялары туралы шешімді қабылдайды.

24. Өңірлік тұрақтандыру қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

25. Мамандандырылған ұйым әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері ұлғайған жағдайда 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

26. Мамандандырылған ұйым өңірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өңірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

27. Өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өңірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылғы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

28. Өңірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған ұйымдар өздердерінің өткізу нүктелері және (немесе) азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілері арқылы, сондай-ақ өңдеу кәсіпорындары шекті сауда үстемесі шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін өткізуді жүзеге асырады.

29. Бұл ретте өңдеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарының бағасы облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімі бекіткен шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасынан аспайды және мамандандырылған ұйымның өңдеу кәсіпорнымен жасасқан өткізу туралы шартында айтылады.

30. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халыққа жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

2-параграф. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі

31. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы мамандандырылған ұйымға кейін кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасау жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және ақылылық шарттарымен жүзеге асырылады.

32. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған ұйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бекітілген төмендетілген бөлшек сауда бағаларын белгілеу жолымен қамтамасыз етіледі.

33. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектілерін Комиссия әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларында белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшем-шарттарға) сәйкес айқындайды.

34. Комиссия кәсіпкерлік субъектісін айқындағаннан кейін мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.

35. Кәсіпкерлік субъектісі міндетті түрде мамандандырылған ұйымның қарызды қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай түрде беріледі: кепіл және/немесе банктік кепілдендіру және/немесе сақтандыру шарты және/немесе үшінші тұлғалардың кепілдік/кепілгерлігі. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жазбаша нысанда рәсімделеді.

36. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

37. Қаржыландыру көзі жергілікті атқарушы органдар бөлетін ақшалай қаражат болып табылады.

38. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

39. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №19123 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2019 жылғы 16 шілде №261 Нұр-Сұлтан қаласы

Оларды өткізу бойынша айналымдары және импорты қосылған құн салығынан босатылатын ветеринария, оның ішінде фармацевтикалық субстанциялар (активті фармацевтикалық субстанциялар) саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттардың; протездік-ортопедиялық бұйымдар мен ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдардың; ветеринария, оның ішінде фармацевтикалық субстанциялар (активті фармацевтикалық субстанциялар) саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттарды және протездік-ортопедиялық бұйымдар мен ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтаушылар тізбелерін бекіту туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 394-бабының 34) тармақшасына және 399-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын ветеринария, оның ішінде фармацевтикалық субстанциялар (активті фармацевтикалық субстанциялар) саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттардың; протездік-ортопедиялық бұйымдар мен ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдардың; ветеринария, оның ішінде фармацевтикалық субстанциялар (активті фармацевтикалық субстанциялар) саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттарды және протездік-ортопедиялық бұйымдар мен ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтауыштардың тізбесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес импорты қосылған құн салығынан босатылатын ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттардың; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдардың; ветеринария саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттарды және протездік-ортопедиялық бұйымдарды, ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге арналған материалдардың, жабдықтың және жиынтықтауыштардың тізбесі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.ОМАРОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 261 бұйрығына 1-қосымша

Өткізу бойынша айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын ветеринария, оның ішінде фармацевтикалық субстанциялар (активті фармацевтикалық субстанциялар) саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттардың; протездік-ортопедиялық бұйымдар мен ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдардың; ветеринария, оның ішінде фармацевтикалық субстанциялар (активті фармацевтикалық субстанциялар) саласында пайдаланылатын (қолданылатын) кез келген нысандағы дәрілік заттарды және протездік-ортопедиялық бұйымдар мен ветеринариялық техниканы қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдарды өндіруге арналған материалдар мен жиынтықтауыштардың тізбесі

Реттік нөмірі	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды	Тауардың атауы
02-топ. Ет және тағамдық қосалқы ет өнімдері		
1.	0206 10 100 0, 0206 22 000 1, 0206 29 100 0, 0206 30 000 1, 0206 30 000 3, 0206 41 000 1, 0206 49 000 1, 0206 80 100 0, 0206 90 100 0	ірі қара малдың, шошқаның, қойдың, ешкінің, жылқының, есектің, қашырдың немесе лошактың фармацевтика өнімдерін өндіру кезінде пайдаланылатын жаңадан сойылған, салқындатылған немесе тоңазытылған тағамдық қосалқы өнімдері
05-топ. Басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген жануарлардан алынған тағамдық өнімдер		
2.	0507 90 000 0	фармацевтикалық өнімді өндіру кезінде пайдаланылатын маралдың мүйізі
11-топ. Ұн тарту-жарма өнеркәсібінің өнімдері; мия; крахмалдар; инулин; бидай дән маңызы		
3.	1108	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын бидай, жүгері, картоп крахмалы, инулин
12-топ. Майлы дақылдар мен тұқымдар; өзге тұқымдар, жемістер және дән; дәрілік өсімдіктер және техникалық мақсаттағы өсімдіктер; сабан және жемшөп		
4.	1211	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын балғын немесе кептірілген, бүтін немесе ұсақталған, жармаланған немесе ұнтақталған өсімдіктер, олардың жекелеген бөліктері (тұқымы мен жемісін қоса алғанда)
13-топ. Табиғи тазаланбаған шайырлар, камедтер, қарамайлар және өзге де өсімдік шырындары мен сығындылары		
5.	1302	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын өсімдік шырындары мен сығындылары, агар-агар, пектиндер
15-топ. Жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған тоңмайлар мен майлар және олардан ажыратылып алынған өнімдер; дайын тағамдық тоңмайлар; жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған балауыздар		
6.	1504 20	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын балық бауырынан алынатын тоңмайдан басқа балық тоңмайы, май және олардың фракциясы
7.	1505 00	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын шайыр
8.	1515	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын өсімдік майлары және олардың фракциялары
9.	1520 00 000 0	фармацевтикалық өнімді өндіру кезінде пайдаланылатын глицерин
17-топ. Қант және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер		
10.	1702	фармацевтикалық өнімді өндіру кезінде пайдаланылатын қатты күйіндегі химиялық таза лактозаны, мальтозаны, глюкозаны және фруктозаны қоса алғанда, өзге де қанттар
18-топ. Какао және одан жасалған өнімдер		
11.	1804 00 000 0	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын какао-майы, какао-тоңмайы
21-топ. Әр түрлі тағамдық өнімдер		
12.	2106 90 980 3	аурулардың алдын алу және емдеу үшін пайдаланатын тағамға теңгеріммен қосуға арналған витаминдер мен минералдық заттардың қоспалары
22-топ. Алкогольды және алкогольсіз сусындар және сірке		
13.	2207 10 000 0	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын, спирт концентрациясы көлемі бойынша құрамының 80 пайызы немесе одан да көп болатын денатуратталған этил спирті
25-топ. Тұз; күкірт; топырақ пен тас; сылақ материалдары, әк және цемент		
14.	2501 00	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын таза натрий хлориді
15.	2526 20 000 0	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын ұсақталған немесе ұнтақталған тальк
27-топ. Минералдық отын, мұнай және оларды айдау өнімдері; битуминоздық заттар; минералдық балауыздар		
16.	2712 10 900 0	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын өзге мұнай вазелині
17.	2712 20	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын, массасы бойынша құрамының 0,75 пайызы майдан тұратын парафин
28-топ. Бейорганикалық химия өнімдері; бағалы металдар, жерде сирек кездесетін металдар, радиоактивті элементтер немесе изотоптардың бейорганикалық және органикалық қосылыстары		
18.	28	бейорганикалық химия өнімдері; фармацевтикалық және ветеринариялық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын қымбат бағалы металдардың, жерде сирек кездесетін металдардың, радиоактивті элементтердің немесе изотоптардың бейорганикалық немесе органикалық қосылыстары және тазартылған, кондуктометрлік су, ветеринариялық мақсатта пайдаланылатын осыған ұқсас таза су
29-топ. Органикалық химиялық қосылыстар		
19.	29	Фармацевтикалық және ветеринариялық өнімдерді өндіру кезінде пайдаланылатын, стерилизаторларда қолдануға арналған табиғи немесе синтезделген органикалық химиялық қосылыстар
30-топ. Фармацевтикалық өнім		
20.	30	фармацевтикалық өнім
31-топ. Тыңайтқыштар		
21.	3102 10 100 0	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын сусыз құрғақ өнімге есептегенде массасы бойынша құрамының 45 пайызынан астамы азоттан тұратын зәрлік
32-топ. Иілік немесе бояғыш сығындылар; танниндер және олардың туындылары; бояғыш заттар, пигменттер және өзге де бояғыш заттар; бояулар және лактар; шпатлевкалар және өзге де мастиктер; полиграфиялық бояу, сия, тушь		
22.	3203 00	айқындалған немесе айқындалмаған химиялық құрамдағы өсімдік немесе жануар тектес бояғыш заттар (жануар көмірінен басқа бояғыш сығындыларды қоса алғанда); фармацевтикалық және ветеринариялық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын өсімдік немесе жануар тектес бояғыш заттар негізінде дайындалған препараттар
23.	3204	синтетикалық органикалық бояғыш заттар негізінде дайындалған препараттар; фармацевтикалық және ветеринариялық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын айқындалған немесе айқындалмаған химиялық құрамдағы оптикалық ақтағыштар немесе люминофорлар ретінде пайдаланылатын синтетикалық органикалық өнімдер
24.	3208	синтетикалық полимерлер немесе химиялық түрлендірілген табиғи полимерлер негізінде жасалған, диспергирленген немесе сусыз ортада ерітілген (эмальдар және политурларды қоса алғандағы) бояулар және лактар; фармацевтикалық, ветеринариялық өнімдер өндіру кезінде пайдаланылатын ерітінділер
33-топ. Эфир майлары және резиноидтер; парфюмериялық, косметикалық немесе туалеттік заттар		
25.	3301	фармацевтикалық, ветеринариялық өнімдер өндіру кезінде пайдаланылатын эфир майлары
26.	3307	құрамында теңіз сулары және тұщы сулар қоспасы бар дәрілік препараттар мен ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар
35-топ. Ақуызды заттар; түрлендірілген крахмалдар; желімдер; ферменттер		
27.	3502	альбуминдер (оның ішінде құрғақ затқа есептегенде іркіт ақуызының массасы бойынша құрамының 80 пайызынан артық екі немесе одан да көп іркіт ақуызының тұнбасын қоса алғанда), альбуминаттар және фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланатын басқа да альбумин туындылары
28.	3503 00	ветеринариялық мақсатта және фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланылатын желатин және оның туындылары, желатиннен жасалған қатты капсулалар
29.	3505 10	фармацевтикалық өнім өндіру кезінде пайдаланатын декстриндер, өзге түрлендірілген крахмалдар
30.	3507	фармацевтикалық өнімді шығару кезінде пайдаланылатын басқа жерде аталмаған ферменттер, ферменттік препараттар
37-топ. Фото- және кинотауарлар		
31.	3701	ветеринариялық мақсаттарда пайдаланылатын қағаздан, қатырма қағаздан немесе тоқыма материалдарынан басқа, кез келген материалдан жасалған жайпақ рентгендік фотопластинкалар мен фото үлдірлер
32.	3702 10 000 0	ветеринариялық мақсаттарда пайдаланылатын қағаздан, қатырма қағаздан немесе тоқыма материалдарынан басқа, кез келген материалдан жасалған орамдағы рентгендік фотоүлдірлер
38-топ. Басқа да химиялық өнімдер		
